

№38 Н.Д.Ондасынов атындағы мектеп - гимназиясы


АШЫҚ сабақ

Тақырыбы: Сұраулы сөйлем

Сыныбы: 2 “В”

Мерзімі: 20.11.18ж

Мұғалімі: Тәжібаева Ғ.А



Шымкент қаласы

Сабақтың мақсаты:

- 1) Білімділік: сұраулы сөйлемнің айтылу мен жазылуын үйрете отырып, балалардың байланыстырып сөйлеуін жеңілдету, белсенділігін арттыру. Жаттығу жұмыстарын орындау арқылы сызба бойынша сөйлем құруға үйрету
- 2) Дамытушылық: оқушылардың сөздік қорын молайту, өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдыларын қалыптастыру, оқушылардың байқампаз іскерлігін, шығармашылық ойлау қабілеттерін арттыру.
- 3) Тәрбиелік: ауызбіршілікке, ұстамдыққа, адалдыққа, достыққа, әділдікке, жылдам ойлауға тәрбиелеу.

Сабақтың типі: жаңа білімді меңгерту

Сабақтың түрі: топтық жұмыс

Сабақтың әдісі: сұрақ – жауап, түсіндіру, оқыту, әңгімелету

Сабақтың көрнекіліктері: интерактивті тақта, сөзжұмбақ, суреттер, шарлар.

I. Ұйымдастыру.

Сәлемде

*- Қайырлы күн, балалар! Күніміз сәтті болсын!
Қараңдаршы, **Су** сондай қуанышты, бір – біріңе
күліп қарап, жасайдары ақжарқын болып тұрсыңдар.
Сендердің көздеріңнен мейрімділіктің,
жақсылықтың, қамқорлықтың, сүйіспеншіліктің
белгісін көріп тұрмын.*

**Жарқырап күн ашылды,
Айналаға нұр шашылды.
Қайырлы күн!
Біз көңілді баламыз,
Қайырлы күн!
Сәлемдесіп аламыз.**



Психологиялық дайындық



Қызыл көзін ашқанда,

Сынық сүйем баспа алға!

Сары көзін ашқанда

Қарап қалма баспа алға!

Жасыл көзін ашқанда

Жүре бергін жасқанба!

Бағдаршам көздері арқылы 3 топқа
бөлу

Ой



Қазақ тілім – **Толғау**, дара тілім.

Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім.

Қастерлейді ұл қызың мәңгі сені,

Болашағым, бақытым – қазақ тілім!

Мұғалімнің сұрағы: Оқушылар жауабы:

Әрбір адам? Досым, сыныптасым

Әрбір сабақ? Үйрену ,оқу,іздену

Әрбір сөзің? Шындық, бірлік, адалдық.

- Ендеше балалар бүгінгі сабағымызға сәттілік тілейміз..

II.Ой ашар.

- Миға шабуыл. Өткенді қайталау.


Сұрақ –жауап әдісі.

1.Мәтін дегеніміз не? -Мәтін –жазбаша немесе ауызша ойды жеткізу.Мәтін бірнеше сөйлемнен тұрады.



2.Мәтіннің түрлерін ата?

3.Сөйлем нені білдіреді?

4.Сөйлем нелерден құралады? т.б.



38-жаттығу



Аян сабақта отырып, қайта-қайта терезеге қарай берді...


Сабақ аяқталды. Аян далаға жүгіріп шығып, бар дауысымен:

“Мені шақырған кім?” деп айқайлады. Оған күн күлімдеді, оған құс әндетіп сайрады, оған қызыл шие сабағын иіп, жемісін ұсынды.



Жаңа сабак

Жауап алу мақсатымен
айтылған сөйлемді
сұраулы сөйлем дейміз.
Сұраулы сөйлемнің соңына
сұрау белгісі (?)
қойылады: Сенің атың кім?



39-жаттығу



40-жаттығу

Төмендегі сұрақтар бойынша парталасыңмен диалог құра

1. Нешінші сыныпта оқисың?
2. Сабақтарың сағат нешеде басталады?
3. Сабақтан кейін не істейсің?

**Оқулықпен
жұмыс**



41-ЖАТТЫҒУ *Суреттер бойынша бір-біріңе сұрақ қой*



«Сергіту сәті»

Бір саусағым тіпті де,
Ұстай алмас жіпті де
Екі саусақ бірікті
Ине қолға ілікті,
Үш саусағым орамды
Жүгіртеді қаламды.
Өнерлі екен он саусақ
Қала салсақ, жол салсақ.



42- жаттығу *Хабарлы сөйлемдерді сұраулы сөйлемдерге айналдырып жаз*

Толқын кітапханадан кітап алды. Ол көп оқиды.
Әжесіне ертегі оқып береді.

Ойын: «Мен бастаймын, сен жалғастыр»

1. Сөйлем аяқталған(ойды білдіреді)
2. Сөйлем сөзден (кұралады)
3. Сөйлемнің бірінші сөзі (бас әріптен басталып жазылады)
4. Сөйлемнің соңына (не нүкте, не сұрау белгісі, не леп белгісі қойылады)
5. Сөйлемдегі сөздер (бөлек жазылады)
6. Бірдеңенің жайын хабарлау мақсатымен айтылған сөйлем (хабарлы сөйлем)
7. Хабарлы сөйлемнің соңына (нүкте қойылады)

Венн диаграммасы

Хабарлы сөйлем

Сұраулы сөйлем

Сөзжұмбақ

		О	т	и
М	ә	т	і	н
а	н	а	л	е
қ		н		
а				
л				

..... сөздің мәйегі.

..... көңілдің ажары.


..... оттан да ыстық.

..... тас жарады, тас жармаса бас жарады

Оқу мен құдық қазғандай

Сабақты

қорытындылау





«Бас бармақ» тәсілі

Барлығын түсіндім ---



Енді түсініп келемін ---



Түсінбедім ---





Үйге тапсырма

Ереже жаттау
41-жаттығу 92-93 бет

